С одной стороны, можно констатировать тот факт, что предложенное упорядочение – лишь начало большого пути, так как массив размещаемой и классифицируемой информации остается просто огромный, хотя и разложенный по ячейкам, при этом многие разделы зачастую пересекаются, но в свою очередь устранена неполнота классификаций при создании правовых актов – так или иначе они должны быть отнесены к соответствующему виду деятельности. Небольшой пример. Письмо Минздрава России от 14.10.2014 № 24-1/3060814-2592 «О необходимости лицензирования оказания услуги по дезинфектологии» уточняет, что названный вид деятельности ввиду его непоименования в Федеральном законе от 04.05.2011 № 99-ФЗ «О лицензировании отдельных видов деятельности» не подлежит разрешительному регулированию. Иначе говоря, отнесение вида деятельности к

той или иной классификационной группе уже само по себе позволяет определить характер административно-правового регулирования или отсутствие необходимости в таковом, избранные методы воздействия, режимы и др. параметры влияния исполнительной власти на общественные отношения.

С другой стороны, следует признать, что классификация привносит серьезное юридическое значение в формирование административного законодательства и практику его применения. В Постановлении ФАС Северо-Кавказского округа от 27.05.2010 по делу № А32-38227/2009-5/817 высказана следующая правовая позиция: общество присвоило основным видам осуществлявшейся им деятельности неверные коды ОКВЭД, в результате чего неверно рассчитало размер подлежащих уплате страховых взносов по обязательному социальному страхованию своих работников от несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний. При расчете обществом за основу взяты неверные классы профессионального риска и размеры страхового тарифа. Установление точных кодов – не прихоть работодателя, а строгая административная процедура, влияющая на режим безопасности и гарантии прав работников организации.

В ином Постановлении Тринадцатого арбитражного апелляционного суда от 18.07.2005 по делу № А42-871/2005-20 суд правомерно удовлетворил заявление ФГУП о признании недействительным решения налоговой инспекции в части доначисления предприятию транспортного налога, поскольку материалами дела установлено, что ФГУП является унитарным предприятием, на котором предусмотрена военная служба, входящим в структуру Министерства обороны РФ, следовательно, в соответствии со ст. 358 НК РФ принадлежащие предприятию на праве хозяйственного ведения транспортные средства не являются объектом налогообложения. В приведенном случае изложена обратная ситуация, когда предоставление льгот зависело напрямую от осуществляемой административной деятельности, только нужно было ее точно определить.

Еще один пример, Постановление Девятого арбитражного апелляционного суда от 21.04.2010 № 09АП-6645/2010-АК по делу № А40-156041/09-149-1074, которым заявление о признании недействительными решения и предписания антимонопольного органа, устанавливающих требования к изготовлению бланков ветеринарных сопроводительных документов, удовлетворено правомерно, поскольку оспариваемые по делу решение и предписание вынесены без учета специального режима создания и без определения признаков ограничения конкуренции, следовательно, нарушают права и законные интересы заявителя. Безусловно, в данном случае не следует говорить вообще о возникновении конкретных отношений, так как свои административные полномочия исполнительная власть осуществляет всегда монопольно, иначе теряется сам смысл существования аппарата государственного управления.

Во-вторых, имеет место **компетенционная систематизация**, когда устанавливается единый шаблон для принятия актов, определяющих функции, полномочия и иные статусные элементы органов исполнительной власти, что, в частности, выражено в Постановлении Правительства РФ от 19.01.2005 № 30 (ред. от 27.08.2015) «О Типовом регламенте взаимодействия федеральных органов исполнительной власти», Постановлении Правительства РФ от 28.07.2005 № 452 (ред. от 27.08.2015) «О Типовом регламенте внутренней организации федеральных органов исполнительной власти», «Типовом плане противодействия коррупции федерального органа исполнительной власти» и др.

Можно обратиться к любой ведомственной системе, например, системе МВД России и обнаружить, что приняты типовые акты о территориальном органе Министерства внутренних дел РФ по субъекту РФ, об отделе (отделении, пункте) полиции территориального органа Министерства внутренних дел РФ на районном уровне, о линейном отделе Министерства внутренних дел РФ на железнодорожном, водном и воздушном транспорте, о территориальном органе Министерства внутренних дел РФ на районном уровне, Приказ МВД России от 05.02.2016 № 61 «Об утверждении Единого типового устава управления соединения, соединения и воинской части внутренних войск Министерства внутренних дел РФ» и др.

Что говорить, большинство положений об органах исполнительной власти принято, условно говоря, «под копирку» содержит одинаковые разделы. Может быть, существенным замечанием по формированию компетенции ведомств является изложение «обтекае-



мых» полномочий, заключенных в такие формулировки, что теряется их смысл и значение: «разрабатывает и осуществляет меры по реализации государственной политики в сфере внутренних дел» (эти меры перечислены в тексте Положения), осуществляет в соответствии с законодательством РФ контроль за обеспечением безопасности объектов топливно-энергетического комплекса (об этом подробно сказано в иных правовых актах); обеспечивает совместно с ФМС России взаимодействие органов внутренних дел с территориальными органами ФМС России (и не только с ними, а каким образом это происходит – достаточно четко регламентировано) и пр. случаи абстрактного изложения компетенции правоохранительного ведомства. Кроме того, в любом положении, определяющим правовой статус органов исполнительной власти, закладывается, что свои полномочия он осуществляет в соответствии с законодательством РФ (реже – и международными договорами РФ), в таком случае положение должно быть утверждено законодательным актом, по большому счету, оно должно быть также типовым.

В-третьих, генетически следует из предыдущего положения необходимость **регламентной систематизации**, создающей иерархическую завершенность правовых актов, действующих в структурах государственной администрации. В этом плане следует отметить, с одной стороны, наличие унифицированной базы для создания регламентов, что отражено в Постановлении Правительства РФ от 16.05.2011 № 373 (ред. от 23.01.2014) «О разработке и утверждении административных регламентов исполнения государственных функций и административных регламентов предоставления государственных услуг», так и, с другой стороны, новейшие тенденции, связанные с устранением перегруженности административных регламентов избыточной информацией, не имеющей нормативного значения (речь идет о Распоряжении Правительства РФ от 20.08.2015 № 1616р «Об утверждении Концепции оптимизации механизмов проектирования и реализации межведомственного информационного взаимодействия, оптимизации порядка разработки и утверждения административных регламентов в целях создания системы управления изменениями»).

В этом плане следует отметить, что работа с административными регламентами, впрочем, как и с иными нормативными правовыми актами государственной администрации, подвержена скрупулезной «юридической огранке», прохождению через процедуры юридической и антикоррупционной экспертизы, оценки регулирующего и фактического воздействия, общественного обсуждения. Такого рода работа связана не только с определением классификационных групп административных актов, но непосредственно направлена на их систематизацию посредством унификации юридической терминологии, устранения недозволенных приемов изложения, влекущих коррупциогенное содержание документов, подтверждение их значимости для регулирования общественных отношений.

В-четвертых, достаточно активно проводится работа по **методической систематизации** административного законодательства. Можно констатировать тот факт, что свою логику систематизации получило законодательство о регистрации и государственном контроле (надзоре), о техническом регулировании, о защите конкуренции, о лицензировании отдельных видов деятельности, при этом, как указывает Д.В. Осинцев, в зависимости от методической организации деятельности исполнительной власти могут быть упорядочены административные производства и можно будет говорить о создании кодифицированного акта об **административных процедурах**.

Кстати сказать, видимо, именно с методической систематизации и следовало начать систематизацию административного законодательства, так как на основе строго заданной системы методов административно-правового воздействия и сопутствующих им процедур можно реализовать тот законодательный акт, который очень редко в науке и очень часто в неформальных дискуссиях именовался Административным кодексом РФ. В ходе решения задач по систематизации нормативных актов, которые регулируют одни и те же общественные отношения необходимо так же использовать опыт зарубежных стран, чтобы не происходило развитие автономного законотворческого процесса<sup>3</sup>. Было бы неправильно игнорировать богатый опыт систематизации и кодификации законодательства в зарубежных странах, который мог бы сыграть положительную роль в решении данных вопросов. Но при этом не стоит допускать унификации работ по систематизации, проявляющейся в чисто механическом заимствовании зарубежного опыта<sup>4</sup>.

Учитывая вышеуказанные положения, и возвращаясь к спору о возможности систематизации административного права, полагается, что систематизация не только возможна путем разработки и принятия базовых, основополагающих нормативно-правовых актов, регламентирующих отдельные институты административного права, но и необходима.

- <sup>1</sup> *Гидденс Э.* Устроение общества. — М.: Академический проект, 2003 С. 69.
- <sup>2</sup> *Щедровицкий Г.П.* Об одном направлении в современной методологии. — М.: Школа культурной политики, 1997. С. 366.
- <sup>3</sup> *Осинцев Д.В.* Система административного права (методология, наука, регламентация): Монография. — М.: НИЦ ИНФРА-М, 2014. С.221.
- <sup>4</sup> *Ордина О.Н.* К вопросу о принятии Административного кодекса Российской Федерации // Административное право и процесс. — 2013. — № 9. — С. 49-50. *Ярмухамедов Р.* Административный кодекс требует корректировок // Законность. — 2007. — № 4. *Машаров И.М.* Концепция Административного кодекса Российской Федерации: новый взгляд // Административное право и процесс. — 2006. — № 1.

***С.А.Мендыбаева, Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының жалпы білім беру пәндері кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны***

## **ІІО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӘСІБИ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗЫ**

Қазіргі заманымызда қойылған басты талаптардың бірі - өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу. Тыңдаушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдеби қалыптастыру педагогиканың қазірдегі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Ел алдымен шебер, мәдениеті сөйлеу көп еңбектенуді, оқып-үйренуді талап етеді. Мәдениеті адамдарда негізінен, сөз көркемдігі ой тасқынынан табиғи түрде туындап жатады. Көркемдік талғам мен шешендік тәсілдерді дұрыс пайдалана білген адам ғана эстетикалық әсер ету күшіне ие бола алады. Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, барлық қарақөз бауырларымыздың өз ана тілінде сөйлеуіне қол жеткізу. Тек тіл үйренуде ұмыт болып бара жатқан шаруа - балабақша, үй, мектеп, жоғары оқу орындарында ұл-қыздарымызды тілдік қоры мол қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету. Үйде де, көшеде де, қоғамдық орындарда да бірқатар жастарымыздың бір-бірімен қарым-қатынас жасағанында, әңгімелескенде қалай болса солай сөйлейтіні, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтіні байқалады. Олай болса, шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті, ауызша, жазбаша сөйлеу – әдептіліктің биік шыңы. Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Олардың түсінісудегі негізгі құралы – тіл.

Әр адам дұрыс сөйлей білуі, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыра білуі тиіс. Қарым-қатынас адамдардың отбасымен, өскен, араласқан ортасымен, елімен, жерімен, дәстүрі, мәдениет қазынасымен етене әрі жанды байланысы. Қарым-қатынаста адамдардың жан дүниесі, өмір тіршілігіндегі бейнесі көрінеді. Әдеп – сөйлесудегі, пікірлесудегі мәдениет тірегі. Мәдениет – адамдардың рухани және материалдық, білімдарлық пен сезімталдық қасиеттер аңғарылатын белгілерінің жиынтығы. Мәдениеттің туы – тіл, ол адамзаттың мұратымен астасып, сол ұлтпен бірге пайда болып, дамып отырады. Өз тарихын, ұлттық дәстүрін, туған жерін, тілін қадірлей білген адам ғана мәдениетті болады. Сөз мәдениеті – сөзді орынды қолданып, қиюластырып, үндестіріп айта білу, емле мен тыныс белгілері ережелерін дұрыс сақтау, тілдің ғасырлар бойы сақталып келген көркемдігі мен тарихын, әсемдігін ақтай білу болып табылады. Сөйлеу, тілдік амалдар, тіл мәдениеті туралы сөз етсек, адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікірін, ойын білдіруін – сөйлеу деп атайды. Сөйлеуге адамның анатомиялық мүшелері қатысады, алайда ол адамның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне тығыз байланысты.

Сөйлеу үшін жасалған тілдік амалдар ұзақ уақыт бойы адамдардың пікір алысу тәжірибесі негізінде қалыптасты. **Тілдік амалдар** – сөз тудыру, сөйлем құрау ережелері. Олар – көпшілікке ортақ, объективті категориялар. Соның нәтижесінде тіл – жұрттың бәріне бірдей түсінікті қатынас құралы. Сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайына сәйкес ыңғайланған стилі болады. **Тіл мәдениеті** – тіл білімінің әдеби тілінің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейді. Тіл мәдениетінің тілдің басқа салаларынан айырмашылығы оның күнделікті өмірде тілдің қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен жақсы қарым-қатынаста болуы. Тіл мәдениеті қамтитын тілдік норманың 3 түрі бар.

1. Тілдік норма (лексика, сөз жасамдық, грамматика, дыбысталу нормасы).
2. Этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері).
3. Коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).

Сөйлеу мәдениеті орфоэпикалық нормаға негізделген. Күнделікті қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетінің негізгі қағидалары – сөйлеу әдебі, тыңдай білу әдебі, мәдениет мәйегі ескерілуі тиіс.

#### **Сөйлеу әдебі.**

Сөйлегенде мынадай нәрселер ескерілуі тиіс:

1. Орфоэпия заңдылықтарын сақтап, сөзді орынды қолдану.
2. Қолды сермеуге, қатты күлуге, мәнсіз майысуға, аса қатты сөйлеуге немесе міңгірлеуге болмайды.
3. Өзің туралы айта беру, барлық сөзді өзіңнен бастау – әдепсіздік, білмейтін нәрсе туралы айтудың қажеті жоқ.
4. Қатты сөйлеп тұрған адамға қатты жауап берудің қажеті жоқ, байыппен сөйлеу керек.

#### **Тыңдай білу әдебі.**

Тыңдай білуде мыналарды басты назарда ұстау керек:

Кісімен сөйлескенде оның жүзіне сыпайылықпен назар сап, айтайын деген ойын сабырмен тыңдап, асықпай, сөзінің аяғын күткен дұрыс. Сөйлесіп тұрғанда мән бермеу, теріс айналу, сағатқа қарау, шыдамсыздану әдепсіздікке жатады. Өзгелердің сөзіне рұқсатсыз араласпау керек. Қажет болғанда, “ғапу етіңіз, сөзіңізді бөлемін” деп барып, айту керек. Келіспейтін жағдайда шыдамдылықпен тыңдап, пікіріңді орнықты, дәлелмен сабырлы жеткізе білу керек. Тыңдау екі түрлі болады:

1. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдау.

2. Сөзге араласып, өзара ой алмасып отырып тыңдау. Сөйлеуші адамның мінез-құлқы, жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы ескерілуі тиіс. **Мәдениет мәйегі.**

Адамның жан дүниесін тануға деген құлшыныс, ой-сезіміне деген құлықтылық, жүрек түкпіріндегі мұң-сырына ортақтасауға деген бейімділік, қарттықты құрметтейтін, жастықты үкілейтін, қайырымдылықты қастерлейтін игі дәстүр, балаға мейірім, атаға қамқорлық, ағаға ізет, ініге ілтипатты кие тұту – рухани өміршендік, әдептіліктің, мәдениеттің басты көрінісі. Жан баласын жатсынбайтын, өзгелерге түсініспен қарайтын, болмысынан турашыл, адал, жомарт, батыр, қайсар, өжет, өр қасиеті – қазақ мәдениетінің мәйегі. Тіл табыса білу – өнер. Ауызекі сөйлеу және тыңдау мәдениеті. Сөз мәдениеті ауызекі тіл мәдениеті және жазба тіл мәдениеті болып бөлінеді.

ПО қызметкерлерінің кәсіби сөйлеу ерекшелігі - нақты жағдайларда коммуникативтік міндеттікке жетуге көмек көрсететін, сөйлесу тәсілдерінің білікті қолданылуы болып табылады. Ол қажетті сөйлеуді нақты, дәл уақытында қолдану. Сөйлеу мәдениеті - ол біріншіден ойдың мәдениеті, тілге сүйіспеншілік және адам өзінің жеке басын сыйлау арқылы шарты алынады. Сөйлеу мәдениетінің негізгі белгісі - нормативтік, яғни нақтылы дұрыстық сөйлеудің тазалығы, әдебиет тілінің нормаларына сәйкес өз ойын нақты білдіру. Сөйлеу мәдениетінің жоғарғы сатысы болып сөйлеу шеберлігі саналады, ойдың анық жеткілікті, сенімділікті ашудан, сөздіктің байлығымен грамматикалық құрамның әртүрлігінен тұрады. Сөйлеу өнерлігі - ол риторикалық тәсілдерді білікті қолдануды білдіреді, эмоционалдық психологиялық әсеріне көмек етеді. ПО қызметкеріне жақсы сөйлеу - ол кәсіптік қажеттілік болып есептеледі. Өйткені, ПО қызметкерлерінің кәсібі тек қана кәсіптік шеберлікті емес, сонымен қатар кең жалпы білімді қажет етеді. Көнидің айтуы бойынша " ПО қызметкерлерінің жалпы білімі арнайы білімнің алдында болуы керек". ПО қызметкерлерінің тарапынан сөздің нормаларын бұзылса, тыңдаушылар тарапынан оған деген

сенімділігін жоғалту, оның біліміне сенімсіздік туындайды. сөйлемдерінде арнайы , спецификалық сөздердің көптігін байқауға болады, сол себептен ПО қызметкері сөйлеу мәдениеті туралы айтуға бола ма деген ойлар бар. Мысалы : кодекс, контрабанда, мәмле, жауап, үкім, қылмыстың ниеті, тәркілеу, т.с.с., Термин сапасында келесі сөздер қолданады: жалтару, қайыршылық және т.б.

ПО қызметкерлерінің кәсіби бағыттағы әрбір сөзі тек қана мәлімет ретінде қарастырылып қоймай, ол тындаушыларға психологиялық әсерін тигізеді. Мысалы прокурордың сот сөйлемінде сотталушының қылмыстық әрекетінің қоғамға қандай терістігін жеткізу барысында сотталушы басын төмендетіп, сот залындағы адамдарға қарамауға тырысатындығын байқауға болады, көзінің жасын байқауға болады. Ал керісінше адвокаттың қорғау сөздерін тындауда, бұл жерде адвокат сотталушының жақсы жақтарын айту барысында, оның басы көтеріліп бетінде күлкі пайда болғанын байқаймыз. Ол өзіне сеніп тындаушылар оған сенгенін байқайды. ПО қызметкерлерінің сөйлемінің бірінші қажетті сапасы - анықтылық.

Анықтылыққа істегі құжаттармен терең танысу, сөйлеудің нақты композициясынан, дәлелдердің сенімділігінен жетеміз. Тәжірибеде жиі ақтықты қарапайымдылықпен салыстырады. Сөйлеудің қарапайымдылығы оны жеңіл түсінуіне көмек көрсетеді.

Ойлау мәдениетінің төмендігінен, істің құжаттарын нақты білмегендіктен заңгер сөйлеуі анық болмайды. Сол сияқты анықсыздықтың себебінің бірі сөздің артықтығы болуы мүмкін. Мысалы: бір сөзді қайталап айта беру. Ой білдірудің анықтылығы сөйлеудің тағы бір сапасына- нақтылыққа жеткізеді. Нақтылық - оратордың оймен нақты сөйлеудің сәйкестілігі. Бұл ПО қызметкерлерінің сөйлемінің қажетті сапасы болып табылады.

Көп алдына шыққан адамның сөзінен табандылық, сенім сезіліп тұрса, оны жұрт ұйып тыңдайды. Құр шаңқылдап айғайлап кету, болмаса мұрнының астынан міңгірлеп, күңкілдей сөйлеген адам да тындаушысын жалықтырып, зейіні басқаға ауып кетеді. Анық айтылған әрбір сөз тындаушысының құлағының құрышын қандырады анық. Тілсіз қарым-қатынасқа деген қызығушылық ежелгі дәуірден бастау алған деуге де болады. Ұлы грек философы Платон дене қимылдарын қолдануды жоғары бағалаған. Атақты шешен Цицерон басқа шешендерге: «Барлық жан қимылы ишаралармен үстемеленуі тиіс», - деп кеңес береді. ПО қызметкерінің кәсіби қызметіндегі сөйлеу ерекшеліктеріне тоқталсақ оның әлеуметтік ортадан өзге де жерлерде дұрыс сөйлеу мәнері, тұрақты этикетті сақтауы, оның сөзінде өзін қоршаған адамдарға деген сыйластық қарым-қатынас және әлеуметтік құндылықтарға деген дұрыс көзқарасына басты назар аударуы керек. «Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тындаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезілер еді. Жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптар қандай, әрбір мәдениетті адам мәдениетті сөйлеу, қарым-қатынас жасау үшін нені меңгеруі керек деген сұрақтар туындайды. Зерттеуші М.Балақаев өзінің тіл мәдениетін тереңінен зерттеген еңбектерінде тіл мәдениетінің негізгі принципі деп сөйлемдердің, жеке сөздердің тындаушыға, оқушыға бірден түсінікті болу керектігін көрсетеді. Зерт жазуда, сөйлеуде адам ойына қажетті сөз таңдағанда олардың стильдік ерекшеліктерін ескеруді айтады. Тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалағы, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу тіл мәдениетінің басты талаптары ретінде тұжырымдалады.

Тіл мәдениетінің даму сатысы, қандай өлшемдер арқылы анықталатынын айта келе, тіл мәдениетінің мынадай көрсеткіштерін белгілеуге болады:

тілдің тазалығы, дәлдігі, анықтылығы, ойлылығы, орындылығы, байлығы, әсерлілігі, жүйелілігі, түсініктілігі, мазмұндылығы, нақтылығы, дұрыстығы, тілдік нормаға сай болуы, мағыналығы, әдебі.

Осы айтылған көрсеткіштер адам бойында дамып жетілсе, онда осы адамның тіл мәдениеті жоғары деп санауға болады. Сондықтан мәдениетті сөйлеу үшін тіл мәде көрсеткіштері мен талаптарын үнемі басшылыққа алып отыру керек. Тіл мәдениетін қалыптастыру тілді оқыту негізінде жүреді. Тілді оқыту - дыбыстық құрамын, лексикасын, грамматикасын оқыту арқылы жүзеге асырылады. Тіл материалдарын игеру дегеніміз - оны тану ғана емес, сол материалды дұрыс түсіну әрі дұрыс қолдана білу дағдысын игере білу деген сөз. Олай болса, тіл мәдениетін қалыптастыру, тіл дамыту тәсілдері мен әдістері, амалдары мен жолдары осыны ескере отырып белгіленуі керек.

## **ІІО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАРУЛЫ ШАБУЫЛ ЖАҒДАЙЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ**

Қазақстан Республикасының қазіргі даму сатысындағы мемлекеттік және қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық, саяси салаларындағы өзгерістер, құқықтық және рухани – адамгершілік және басқа да адами әрекеттерде жағымсыз көрсетулермен байланысты мәселелер өзекті болып келеді. Полиция қызметкерлерінің қызметі денсаулық пен өмірге қауіп төндіретін экстрималды жағдайлармен тығыз байланысты. ІІО қызметкерлерінің әрекет етуге осындай жағдайларда психологиялық дайындығы өзекті мәселе болып отыр.

Ақтөбе, Алматы, Тараз қалаларында болған жағдайлар Қазақстан Республикасы ІІО болашақ мамандарды дайындау кезінде олардың экстрималды жағдайда әрекет етуге дене дайындығы және психологиялық дайындық, қарулы шабуылдау кезінде психологиялық жағдайын бақылай білуі сияқты қызметтік қасиеттерді дамытуға аса көп көңіл бөлу керек екендігін көрсетті.

Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық оқу орындарында әскери және дене дайындығы кафедрасының профессорлық-оқытушы құрамының алдына қойған міндеттерінің бірі - курсанттар мен тыңдаушыларға өзін-өзі қорғау және қорғану әдістерін үйрету. Өзін-өзі қорғау және қорғаныстың міндеті - шабуылдаушының әрекетін жою. Өзін-өзі қорғаудағы жетістікті анықтайтын элементтер ретінде дене дайындығын, қоян-қолтық ұрыс тәжірибелік сабақтарын және сабақтан тыс уақытта спорттық үйірмелерге, спорттық жарыстарға қатысу кезінде дамытылатын әрекет нақтылығын және жинақылық сияқты психологиялық әрекеттерді санауымыз керек. Сонымен қатар, өзін-өзі қорғау тәсілдерінің психологиялық негіздеріне толығырақ тоқталу керек. Кез-келген әрекеттің психологиясы, сол сияқты өзін-өзі қорғау психологиясы да себеп-салдардан және психологиялық бөгеттерден тұратын құрамды кешен болып келеді.

Бұндай бөгеттер ішкі және сыртқы механизмдердің өзара байланысқан кешені негізінде туындайды. Ішкі механизм - бұл нақты жағдайға қатысты әрекетін анықтайтын тұлғаның ерекшеліктері (білім деңгейі, психологиялық тұрақтылық дәрежесі және т.б.) Сыртқы компоненттер – жеке тұлғаның ерекшелігіне байланысты аса көп немесе аз дәрежеде қауіптілікпен келген қорқыныш.

Мысалы: адам нәзік, қорқақ, аса қатыгез, өз іс-әрекеттеріне жауап бере алмауы мүмкін:

1. Нәзік адам қауіп алдында өзінің сенімсіздігін, тұрақсыздығын, аса эмоциялық жағдайын көрсетеді. Оның іс-әрекеттері жағдайға байланысты тұрақсыз және аяқталмаған мүмкіндігі бойынша шектеулі.

2. Қорқақ адамның бойын қорқыныш пен үрей бойлайды. Оның әрекеттері аса қиын, сенімсіз және анықталмаған.

3. Қатыгез немесе өзінің іс-әрекеттеріне жауап бере алмайтын адамнан не күтуді білмейсің:

- көбіне өзіне тым сенімді немесе қарсыластың мүмкіндіктерін менсінбейді.

- өз іс-әрекеттеріне жауап бере алмайды. Көбінесе қорғау әрекеттерінің салдары мұндай жағдайда шабуылдаудың қауіпсіздігіне сай келмейді.

«Өз - өзіңді білу» - бұл қорқақтықты көрсетпей, өзін мықты деп санамай, өзінің жағдайынды қауіп алдында объективті түрде бағалай білуді білдіреді, яғни, төніп жатқан қауіп туралы нақты көрініс алғаннан кейін өз мүмкіндіктеріне сәйкес әрекет етуі керек. Іс-әрекет бұл жағдайда сабырлы және рационалды болуы керек. Сонымен қатар, қорқыныш туралы ұмытпау керек, себебі қорқыныш сезімінің анализі – психологиялық тұрақтылықтың негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Оның әр түрлі жай-күйі: үрей, қорқыныш, алаңдау - әрекет кезінде, одан кейін де байқалуы мүмкін. Бірақ, бұндай жағ-

дайда өзінің қорқытушы әрекеттерінің арғы жағында шабуылдаушы да мұндай жай-күйде болуы да мүмкін.

Нақтылық үшін қорқыныштың әр түрлі формалары бар екендігін емес, ал жауап беру әрекетінің әртүрлі типтері деп ойлау керек. Бұл әрекеттерді олардың пайда болуына сәйкес өсу бағыты бойынша орналастыру керек: үрей инстинктік әрекетпен, алаңдау, қашумен, қорқыныш толы әрекет және қабілетсіздікпен байланысты.

Сізді кенеттен ұстап алды. Сіз бірден бұл сыртқы әрекетке жауап бересіз. Бұнда реакцияның екі түрі болуы мүмкін: автоматты қорғаныс немесе қорқыныш басқаратын жағдайға өту.

Автоматты қорғаныс кезінде қорқыныш дене дайындығын және ойлау энергиясын көтере отырып, катализатордың рөлін атқарады. Бақылауға да, сараптауға да берілмейтін жауапты іс-әрекет бірден қауіп төнген жағдайда пайда болады.

Бұл жағдайда әрбір адамда бар, бірақ оны өз қалауы бойынша пайдалана алмайтын, қадағалай алмайтын үлкен энергия шығады. Сәйкесінше, әрекеттеріне және олардың салдарына жауап берілмейді.

Бұл үлкен өмірлік энергияны саналы түрде пайдалану және жауап беру мәселесін шығыс философиясы және шығыстың ұрыстық өнерлері шешеді.

Атап өту керек, автоматты реакция батырларды ерекшелейді. Бірақ, батыр жағдайы бұл кезде жәбірленушінің жағдайынан шамалы ғана ерекшеленеді. Қорқыныш сана сезімге әсер етеді, сондықтан, барлық тірі ағзаларға тиесілі. Ол нақты субъектіге байланысты өзгеріп отырады. Осындай жағдайларға өзінді алдын-ала психологиялық дайындау керек.

Егер де автоматты жауап қайтару пайда болмаса, онда қорқыныш ойлау қабілетін және дене дайындығы энергияны баса отырып жеңеді. Оның физиологиялық салдар бірден пайда болады.

Алғашқы үрей кейін дүрлікпеуге айналатын алаңдауға өтеді және сонында толық әрекет қабілетсіздік жағдайына соғады.

Жалғасып жатқан үрей дүрлікпеге айналады. Мұнда қорқынышты өсіп келе жатқан толқынмен салыстыруға болады. Егер алғашқы эмоционалды тоқ басылса, бұл тек қана үрей болады. Егер ол жалғасып өссе, онда дүрлікпе күйі дамиды, ал оған ойланбайтын және жауап бермейтін әрекеттер тән. Дүрлікпе ұзақ және одан да ұзақ болуы мүмкін. Оның пайда болуына жүйке жүйкесінің жұқаруына үздіксіз дамып жатқан алаңдау әсер етеді. Егер қорқыныш адамды толығымен жаулап алды деп елестетсе, онда бұл толық әрекетсіздік жағдайына сай келеді. Дене дайындығы тұрғысынан бұл тез арада әлсіреумен сипатталады<sup>1</sup>.

Қауіпсіздік туралы толық және нақты түсінік негізінде, өз мүмкіндіктеріне сай әрекет ету керек.

Анықтау, бағалау, әрекет ету – осылайша адам қауіпсіздік кезінде өзін ұстау керек. Қауіптілік эмоционалды аяқ астынан қорқыныш әкелетіні және ол бөлшектей не толықтай әрекет қабілеттілікті жояды.

Әрқашан өзіңе сенімділікті таба білу керек, сонымен қатар, жағымсыз қасиеттерді жағымды қасиеттерге ауыстыру керек: батылсыздықты –батылдыққа, сенімсіздікті – сенімділікке, ұялшақтықты – қысылмай әрекет етуге, эмоциялықты – сабырлыққа.

Тұлғаның мінезімен психологиялық жұмысымен қатар, оның дене дайындығына да көңіл аудару керек. Бәріне белгілі, тәні саудың – жаны сау. Күнделікті таңертеңгі гимнастика және өзін-өзіқорғау жаттығуларын жетілдіру, сабырлылық және өз күшіңе деген сенімділікті арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, жалпы дене дайындығына міндетті түрде тиісті дем алу жаттығуларының маңыздылығын атап өту керек.

Көбінесе, қорқыныштың туындауына себеп - «белгісіздік» түсінігімен сипатталатын әрекеттерді туғызатын әр түрлі объектілер болуы мүмкін.

Белгісіздіктің не екенін әрқашан түсіну керек: бұл қорқыныш, себебі, белгісіздік әрқашан қорқытады. Бұл құбылысты екі жақтан қарастыруға болады: белгісіз қауіп-қатер және қауіп-қатерді көрсететін белгісіздік.

Алдымен, қауіп-қатердің көрінуінің әртүрлі формаларын түсіндіру үшін үш сипатты мысал ретінде қарастырайық:

а) қауіп-қатер кенеттен пайда болады: ол белгісіз және қай жағынан шығарын білмейтін;

б) қауіп-қатер ақырын-ақырын шығады: ол көрінеді, бірақ оның дәрежесі белгісіз;  
в) қауіп-қатер тек қана болжанады: ол байқаусыз, белгісіз және де тек елестеуі мүмкін.

Бұл жағдайлардың әр біреуіне өзіндік сұрақтар туындайды.

Бірінші жағдайда: Маған не болады? Бұл не?

Екінші жағдайда: Кейін не болады? Ол кейін не істейді? Мен не істеуім керек? Мен қорғана аламын ба және қорғану керекпін бе?

Үшінші жағдайда: Бұл адам кім? Ол шабуылдайын деп жатыр ма? Бұрыштың артында, ағаштың маңында мені кім күтіп тұр? Менің артымнан кім келе жатыр? т.б.

Бұл сұрақтарда қорқыныш маңызды орын алады. Сіз белгісіздікті дұрыс қабылдай алмайсыз, яғни, сіздің жеке басыңыздың ерекшеліктері сізді алдын ала құрбан жағдайына қоя отырып шынайы қабылдауды бұрмалайды.

Ең алдымен сұрақтарға жауап беру керек. Кейін белгісіздікте таныс белгілерді таба отырып, өзіңнің қабылдауыңды сараптау керек және шынайы қауіп төнген жағдайда, тез арада әрекет ету үшін дайындық тұрысына тұру керек.

Біздің ойымызша, ең алдымен, қорқынышты тек қана сіз емес, сонымен бірге сіздің қарсыласыңыз да сезіп тұрғанын ұмытпау керек. Бұл жағдайда ол ерекше қауіпті, себебі оның әрекеттері болжамсыз.

Сондықтан, қауіп-қатерді бағалай отырып, ең бірінші оны келтіргенді бағалаңыз: оның сыртқы келбетін, мінез-құлқын, қаруын немесе қару ретінде қолданатын затын сараптау негізінде. Шабуылдаушының қаншалықты қауіпті екенін бағалаңыз. Егер шабуылдаушы қобалжып және өзіне-өзі сенімсіз болып тұрса, бұл одан да қауіпті екенінің белгісі және сақтықты көбейту керек. Қолданылатын қару әдетте шабуылдаушының ерекшеліктерін және мінез-құлқын нақты көрсетеді:

- кіші калибрлі не қолдан жасалған қару-әуесқой немесе әлі үйренбеген адам;
- шолақ мылтық маньяктың қаруы;
- ал граната иесімен байланыспаған дұрыс.

Одан кейін өзіңіздің жағдайыңызды бағалаңыз, жергілікті жердің жағдайын, адамдардың орналасуын және т.б. факторларды. Олар сізге немен және қалай көмектесуі мүмкін екенін ойлаңыз.

Егер сіз алынған барлық мәліметтердің негізінде әрекет ету керектігін түсінсеңіз, оны созырмай бірден әрекет етіңіз.

Осындай жағдайда адам мінез-құлқының сәйкес болмауы себептерінің бірі - ол адамның психикасына, организмнің қабілеттеріне жағымсыз әсер ететін қорқыныш болып табылады. Осыған байланысты қарулы шабуылдау жағдайында психологиялық жағдайды қалыптастыруға жұмыс жүргізу қажет.

Біздің әдіс өзін-өзі қорғаудың жалпы түйсігі ретінде барлық күш пен мүмкіндіктерді қосатын ой және дене дайындығының шоғырлануын көрсетеді<sup>2</sup>.

Психологиялық дайындық күрделі кешен болып табылады. Бұл мақалада психологиялық бөгеулер, олардың себептері, салдары және шешімдері қарастырылған.

<sup>1</sup> Жуков А.Г., Тихонов В.А., Шмелев О.А. Боевое самбо для всех. — М., 1992.

<sup>2</sup> Тарас А.Е. Боевая машина. — Минск, 1997.

*Минайдаров С.М., преподаватель кафедры уголовного процесса и криминалистики  
Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан  
им. М. Букенбаева, майор полиции*

## **ПЕРСПЕКТИВЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАСКРЫТИИ И РАССЛЕДОВАНИИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ**

В 21 веке темпы развития и использования информационных технологий в различных сферах деятельности человека резко возрастают. Речь идет о переходе к построению глобального информационного сообщества с развитой системой информационных телекоммуникаций (инфокоммуникаций). Уже многие годы в нашей стране интенсивно внедря-

ются перспективные информационные технологии во все сферы социально-экономической жизни. Приняты фундаментальные законодательные акты.

Значительный удельный вес информационных функций является характерной особенностью деятельности органов внутренних дел. Происходит актуализация взаимообмена служебно-справочной информацией с помощью современного набора средств информационного обмена в правоохранительных структурах.

Однако достижения в области наукоемких технологий используют и современные преступники для совершения преступлений, относящихся к разряду труднораскрываемых, в том числе преступлений в сфере компьютерной информации. Отсутствие четко разработанной методики раскрытия и расследования подобных преступлений порождает серьезные трудности, связанные с отсутствием у следователей и оперативных сотрудников необходимого опыта и навыков применения новейших информационных технологий для обеспечения целей расследования.

Сегодня, выезжая на осмотр места происшествия, следователь, оперативный сотрудник, специалист-криминалист имеют в своем распоряжении различные наборы инструментов и приборов широкого спектра применения, в том числе для обнаружения и закрепления вещественных и иных доказательств. На месте происшествия, используя современные инструментальные и технико-криминалистические средства, в течение незначительного времени (до нескольких часов), можно составить словесный композиционный портрет с применением специализированных компьютерных программ, провести предварительное исследование вещественных доказательств или их экспресс-анализ, изготовить фотоснимки с использованием цифрового фотоаппарата и распечатать их на месте осмотра и передать органам, осуществляющим оперативно-розыскную деятельность, или следователю для использования в расследовании по «горячим следам». Однако возможности эти используются еще недостаточно.

Для предупреждения и пресечения деятельности преступников сотрудники правоохранительных структур должны иметь возможность своевременно реагировать на их деятельность, быстро устанавливать личность задержанных и сообщать о розыске или задержании подозреваемого лица в другие подразделения, в том числе и зарубежные правоохранительные органы.

Решения обозначенной проблемы обусловлена также расширением практики использования криминалистических учетов, преобразованных в автоматизированные информационные поисковые системы, предназначенные для получения сведений, имеющих доказательственное значение, в целях выявления, раскрытия и расследования широкого спектра преступлений (в том числе в сфере компьютерной информации)<sup>1</sup>.

Исследования вопросов использования информационных технологий в раскрытии и расследовании преступлений отражены в работах ряда ученых, таких как: Ж.Р. Дильбарханова, Б. Шобабаев, К.Б. Брушковский, Н.П. Кузнецов, А.А. Аубакирова, В.А. Снетков, А.Р. Шляхов и другие.

Особенности методики производства следственных и оперативных действий с использованием компьютерных средств раскрываются в работах последних лет Б.Х. Толеубекова, А.Ф. Аубакиров, А.А. Аубакирова, Б.А. Салаев, Ю.В. Гаврилина, В.Б. Вехова, Е.Р. Россинской, Е.П. Ищенко.

Однако, проблема использования информационных, компьютерно-технических средств для обеспечения процесса раскрытия и расследования преступлений, в частности, процессуальные, организационно-тактические, технические ее аспекты исследовались недостаточно.

Недостаточная теоретическая разработанность, большая практическая значимость для деятельности правоохранительных органов по выявлению, раскрытию, расследованию и предотвращению преступлений, насущные потребности дальнейшего развития и совершенствования теории криминалистики, потребность в обогащении и углублении их научных знаний достижениями смежных наук обусловили актуальность исследуемой проблемы<sup>2</sup>.

Цель использования информационных технологий в раскрытии и расследовании преступлений предельно ясна - это совершенствование деятельности оперативных и следственных подразделений по внедрению, применению специализированной компьютерной



техники; анализ, систематизация на основе изучения практических материалов и разработка теоретических и практических методик и рекомендаций по применению компьютерных технологий для решения оперативно-следственных задач; повышение эффективности работы названных субъектов в ходе проведения оперативных мероприятий и следственных действий, сопряженных с применением компьютерных средств и информационных технологий.

Компьютерная техника должна быть применима и в целях противодействия изменяющейся структуре преступности, с учетом прироста общего количества преступлений, в которых задействуются компьютерные средства: подделки денежных знаков, мошенничества, вымогательства и других незаконных действий посредством электронной и других современных видов связи. С учетом появления указанных новых форм преступлений в юриспруденции последних лет появилась новая теория уголовной информатики или криминалистической кибернетики, основанная на находящихся в процессе разработки концепциях информационного права и права информационных технологий<sup>3</sup>.

Большинство из существующих в науке методов находят свое применение в автоматизированных информационно-поисковых системах, либо экспертных системах профильного назначения. Так, при диагностике изображений разверток следов выстрела, полученных в результате применения базы данных «АБИС-АРСЕНАЛ» с опытными образцами, используется метод наблюдения и сравнения путем сопоставления двух фрагментов изображений, представленных в цифровом варианте. В автоматизированной дактилоскопической информационной системе (АДИС) «Папилон», к примеру, применяется метод сравнения, наложения, измерения, совмещения при работе с рекомендательными списками, путем выбора из огромного массива дактилокарт нескольких вариантов, сходных по строению линий папиллярных узоров.

В ОВД Республики Казахстан имеются следующие автоматизированные системы: АИПС (автоматизированные информационно-поисковые системы), АИСС (автоматизированные информационно-справочные системы); автоматизированные системы управления (АСУ); автоматизированные системы обработки данных (АСОД); экспертные системы (ЭС).

В настоящее время начался процесс интеграции различных АИПС в системы, решающие более широкий круг поисковых задач. Так, создаются системы, интегрирующие в себя сведения о лицах, совершивших тяжкие преступления, о похищенных уникальных предметах и антиквариате, а также о нераскрытых преступлениях. Это позволяет осуществлять поиск сразу по нескольким видам учетов и получать дополнительную информацию, которая позволяет сформировать постановку задачи на инициативный поиск по учетам и использование всех функциональных возможностей с целью получения имеющейся криминалистической информации, которая зафиксирована на исследуемом объекте<sup>4</sup>.

При отборе следов с целью их последующего ввода в автоматизированную систему требуется добиться ввода в систему максимально качественного изображения, а на практике информационные массивы пополняются искаженной информацией, что неизбежно приводит к потере их эффективности. Здесь требуется разработка инструктивных указаний, регламентирующих теоретические и практические положения, касающиеся вопросов отбора, фиксации, восприятия и ввода в автоматизированные системы дактилоскопической информации, которые обеспечили бы эффективное их функционирование<sup>5</sup>.

Применение информационных средств и компьютерной техники в раскрытии и расследовании преступлений представляет собой систему повседневной деятельности следователей, специалистов-криминалистов, сотрудников органов дознания, связанную с применением автоматизированных систем, ПЭВМ, специализированных программ. Организация этой деятельности должна основываться на четких и последовательных комплексах действий сотрудников, направленных на планирование следственных действий и оперативно-розыскных мероприятий с применением компьютерных средств, и информационных компонент этих действий и мероприятий. Применение информационных технологий и средств компьютерной техники должно быть нацелено на получение, накопление и обработку криминалистически значимой информации, из которой следует выделить криминалистические учеты, где в интегрированном виде проявляются достижения технологий

обработки информации в раскрытии и расследовании преступлений, определяющие перспективу возможностей автоматизации учетов.

- <sup>1</sup> *Василевский А.В.* Дактилоскопическая экспертиза: современное состояние и перспективы развития. — М., 2003. С.33.
- <sup>2</sup> Компьютерные преступления: Способы совершения и раскрытия / Под ред. Б.П. Смагоринского. — М., 1996. С. 46.
- <sup>3</sup> *Винберг А.И., Белкин Р.С.* Криминалистика и доказывание. — М., 1969. С.25.
- <sup>4</sup> *Власенко Н.А.* Компьютерные справочные правовые системы. — М., 1997. С.54.
- <sup>5</sup> *Яковенко И.Н.* Особенности и перспективы применения компьютерных технологий для организации и управления процессом расследования. — Краснодар, 2002. С.28.

***Р.Ө.Молдашев, Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының жалпы білім беру пәндері кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі***

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ КАДРЛАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ЖАҢА БАСТАМАЛАР**

Қандай да болмасын мемлекеттің өсіп-дамуының материалдық базасы – білім саласы болып табылады. Осыған орай «мемлекет бар жерде білім керек; білім бар жерде мемлекет бар» деп айтуымызға әбден болады.

*Білім*- жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделері үшін оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты бағытталған процесі.

*Білім беру* - тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі; қоғам мүшелерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты; мақсаты - қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалды, мәдени дамуында және олардың денесінің дамуында, кәсіптік біліктілігінде жоғары деңгейге қол жеткізу болып табылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі; жүйеге келтірілген білім, іскерлік дағды және ойлау тәсілдері көлемін меңгеру процесі мен нәтижесі. Білімділіктің басты өлшемі - білімнің жүйелілігі, ойлаудың жүйелілігі мен логикалылығы.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі.

Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз<sup>1</sup>. Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» деді<sup>2</sup>. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, білім беру ошақтары өміріне енуде.

2014 жылғы 17 қаңтарда өткен Қазақстан халқына кезекті «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев:

«Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналуға тиіс. Бейбітшілік пен тұрақтылық, әділ сот және тиімді құқық тәртібі дегеніміз - дамыған елдің негізі» деп атап өткен болатын.

Жер бетінде жалпы жаһандастыру мен әлемдік бәсекелестіктің өсуі көптеген елдердің адамзаттың қажеттілігі мен мұқтаждығына барынша жақындасып, құқықтық жүйені жетілдіру қажеттілігіне мойын бұра бастады.

Егеменді Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап өзінің мемлекетті құраушы институттарын ретімен дамытып, күшейту үстінде. Оның негізгі бөлігін құрушы еліміздің құқық қорғау саласының құрамдық бөлігі болып табылатын ішкі істер органдары.

Қоғамның ішкі істер органдары қызметкерлерінен күтетіні ұйымдар мен азаматтардың заңдық мүдделері мен құқықтарын қорғау болып табылады. Осыған байланысты жыл сайын мемлекеттің жаңа талаптары да көрініс табуда.

Бойында қайырымдылық, жауаптылық, үлгілі қызметкер және сауатты маманды құрайтын полиция қызметкерін дайындауда Ішкі істер министрлігінің ведомствалық оқу орындарының да алатын орны ерекше.

Бұл мәселенің өзектілігі мен маңыздылығына Еліміздің Президенті назар аударып, құқық қорғау саласындағы кадр саясатының маңыздылығын атай келе кадр процесіндегі басқаруда жаңа технологиялар пайдалана отырып, ғылыми тәсілмен негізін қалауды 2013 жылы 31 қаңтарда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың құқық қорғау органдарының жетекші құрамымен болған кездесуінде ұсынған болатын.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің құзырына енетін ұйымдарда қызмет етуші кадрларды таңдау және оларды оқыту қазіргі уақыт талабының ең маңызды, елеулі мәселесі болып отыр.

Қоғамда еліміздің азаматтарынан полиция қызметкері болуы үшін тек заңгер мамандығы талап етілмейді. Жан-жақты жоғары деңгейдегі білім мен тәрбиелілік, яғни қоғам талаптарына сәйкес әрекет ете алатын толық қанды азаматтық деңгей, мамандануы және ғылыми негізделген білім мен білік талап етіледі. Әлемдік экономиканың дамуы мен өркениет жаңалықтарының уақыт санап жетілуі қоғамымыздың қай саласы болмасын өзінің онды жетістіктерімен қатар теріс жақтарында ұсынып отыр. Осыған орай біздің полиция кадрларын таңдауда үлкен сұрақтар туындайды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне қарасты ведомствалық оқу орындарында талапкерлерді оқуға қабылдау науқандары жүргізіліп, оларға 4 жылдық бакалавр академиялық дәрежесінде білім беру мақсатында мектеп қабырғасынан шыққан түлектерді қабылдайды. Олар 4 жыл өткен соң «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша «Құқық бакалавры» академиялық дәрежесін алып аяқтайды.

Бірақ өкінішке орай сол аяқтаған жас мамандардың өздерінің болашақ қызметіне деген патриоттық сезімнің жоқтығы көптеп байқалады. Оған себеп оқу орнында кейбір білім алушы курсанттардың мамандықты дұрыс таңдамағандықтарын айтса, кейбіреулеріне мамандық таңдау барысында ата – ананың ықпалы болғандықтарын айтып ағынан жарылады.

Осындай айтылған жағдайлардың барлығы құқық қорғау саласындағы мамандардың әлсіздігіне апаратынына көрініс береді. Жоғары оқу орнын бітірген соң өз қалауым деп таңдаған мамандықтарын тастап, елімізде онсызда көп «заңгер» мамандардың қатарын толықтыруда.

Көрсетілген мәселелерді көтере келе бүгінгі күнде Ішкі істер министрлігімен көтеріліп жатқан полиция мамандарын қысқа мерзімде даярлау әрекеті құптауға боларлық деп ойлаймын.

Оқытудың бұл түрі Ішкі істер Министрінің бірінші орынбасары полиция генерал – майоры М.Ғ. Демеуовтың жанындағы жедел бейнеселекторлық кеңес шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жоғары оқу орындарына қысқартылған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша азаматтарды 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында қабылдауды тапсырды.

Бұл бағдарламаның басты міндеті - өзінің білім деңгейін үздіксіз жоғарылатуға қабілетті, жан-жақты және икемді дағдылары бар мамандарды даярлау.

Қабылдауға жататын азаматтар жоғары білімді, бірақ заңгерлік мамандығы жоқ болуы талап етіледі. Мұндай талаптың түпкі мақсаты ішкі істер органдары қызметкері қатарынан өзін көргісі келетін адамдармен яғни толыққанды жетіліп, оңды-солын айыра білетін жоғары маман иелерін тарту болып табылады. Сонымен қатар жоғарыда көрсеткендей заман ағымына байланысты бұрын соңды естімеген қылмыс түрлерінің көбеюі әр мамандық саласының иелерін полиция қатарына тартуға негіз қылып отыр.

В сферу интересов организованных преступных групп постепенно входят и интеллектуальные ценности. Похищение продуктов интеллектуальной деятельности, компьютерных программ, компьютерной информации все чаще становится одним из источников доходов.

Кроме того, в последнее время предметом преступных интересов организованных групп становятся должности с высокими полномочиями в органах государственной власти, управления, правоохранительной системы. Эти интересы реализуются либо в форме установления соответствующих коррумпированных связей (такими связями обладают более трети организованных преступных групп), либо путем «проталкивания» на указанные должности своих ставленников.

С началом процесса демократизации социально-экономических отношений внутри страны и ослабления таможенных барьеров среди предметов преступного интереса организованных групп стали встречаться такие, которые не имели широкого криминального оборота. Например, все чаще стали фигурировать земельные участки, здания и строения; средства производства; ювелирные изделия, имеющие художественную и историческую ценность; документы, являющиеся эквивалентом стоимости денег, криминальные услуги.

С учетом положений Уголовного законодательства Пленум Верховного Суда РК принял постановления “О практике применения судами законодательства об ответственности за ОПГ” (1997г.), “О некоторых вопросах применения судами законодательства об ответственности за ОПГ и другие преступления, совершенные в соучастии” (2001г.), которыми следует руководствоваться в своей деятельности правоохранительным органам.

В Особенной части Уголовного Кодекса Республики Казахстан в главе “Уголовные правонарушения против общественной безопасности и общественного порядка”, в статье 263 описаны понятия преступлений, которые рассматриваются как “ОПГ”.

Ст. 263 гласит: «Создание либо руководство преступным сообществом, а равно создание объединения руководителей или иных участников организованных групп (преступных организаций) или координация преступных действий самостоятельно действующих организованных групп (преступных организаций) в целях совершения одного или нескольких преступлений - наказываются лишением свободы на срок от двенадцати до пятнадцати лет с конфискацией имущества»<sup>4</sup>.

Общественная опасность организованной преступной группировки (сообщества) заключается в том, что совершенные действия посягают на основные положения гражданской безопасности, на систему государственного управления, а также на жизнь и собственность.

Нападение – один из обязательных признаков состава организованной преступной группировки (сообщества), прямо указанный в законе. В уголовно-правовом смысле нападение – это агрессивное противоправное действие, совершаемое с какой-либо преступной целью и создающее реальную и непосредственную опасность немедленного применения насилия как средства достижения этой цели. Нападение при ОПГ может выражаться в разнообразных формах и совершаться с различными целями, и, как правило, сопровождается либо насилием, либо угрозой его применения, чаще всего – физической расправой. Нападение характеризуется протяженностью во времени.

При нападении при ОПГ может быть использовано не только физическое, но и психическое насилие в форме угрозы применения к потерпевшему немедленного физического насилия. В этом случае все равно наличествует нападение с психическим насилием над потерпевшим, даже если к потерпевшим не было применено физическое насилие. Объектом организованной преступной группировки (сообщества) в уголовно-правовой литературе обычно назывались основы общественной безопасности. Несмотря на некоторое различие в употребляемой при этом терминологии большинство авторов определяет объект организованной преступной группировки (сообщества) в виде совокупности общественных отношений, обеспечивающих безопасное существование и свободу правомерной деятельности государственных, общественных предприятий, учреждений, организаций и отдельных граждан. Но это и составляет в целом понятие общественной безопасности как таковой.

Законодатель сконструировал данную уголовно-правовую норму таким образом, что в ч.ч 1, 2, 3 ст.263 УК предусмотрел самостоятельные уголовно-правовые деяния.

Объективная сторона ч. 1 ст.263 УК характеризуется следующими действиями:

а) создание организованной преступной группы;

б) руководство организованной преступной группой. Объективная сторона преступления, предусмотренная ч. 2 ст. 263 УК, заключается в создании преступного сообщества (преступной организации); руководстве преступным сообществом (организацией) или входящими в него структурными подразделениями; создании объединения организаторов, руководителей или иных представителей организованных преступных групп.

Объективная сторона ч. 3 ст. 263 УК предусматривает участие в преступном сообществе (преступной организации) либо в объединении организаторов, руководителей, иных представителей организованных преступных групп.

Создание как организованной преступной группы, так и преступного сообщества, и указанных преступных объединений предполагает активную деятельность, направленную на их организацию (вербовка людей, приобретение оружия, разработка преступных целей и т.п.).

Руководство указанными в ст.263 УК преступными формированиями предполагает деятельность по разработке планов преступной деятельности, распределению обязанностей, денежных средств организации обеспечения безопасности.

Создание объединения организаторов, руководителей или иных представителей преступных групп предполагает их объединение, распределение сфер влияния, разработку планов совместной деятельности. Это представляет повышенную общественную опасность, так как создается преступная группировка с наиболее высокой степенью организованности.

Участие в преступном сообществе (преступной организации) объединении организаторов, руководителей или иных представителей организованных преступных групп заключается в подготовке и совершении конкретных преступлений, относящихся к тяжким или особо тяжким, участие в сходах, выполнении заданий, поручений руководителей преступной организации.

Понятие организованной преступной группы, преступного сообщества (преступной организации) дается законодателем в чч. 3,4 ст.31УК.

Состав данного преступления формальный. Преступление считается оконченным с момента создания организованной преступной группы, преступного сообщества или объединения организаторов, руководителей или иных представителей организованных преступных групп.

Общественная безопасность как объект организованной преступной группировки (сообщества), будучи своего рода собирательным понятием, включает в себя различные составляющие: жизнь, здоровье человека, собственное нормальное функционирование предприятий, учреждений и организаций и т.п. В силу особенностей своей юридической природы ОПГ имеет сложный объект, не сводящийся ни к одному из составляющих его элементов. В этой связи диссертант подвергает критике высказанное в литературе мнение о том, что объектом организованной преступной группировки (сообщества) является собственность.

Таким образом, основным объектом организованной преступной группировки (сообщества) является общественная безопасность как система общественных отношений, обеспечивающих безопасные условия жизнедеятельности учреждений, предприятий, организаций и отдельных граждан<sup>5</sup>.

В качестве же дополнительных объектов конкретных преступлений этого вида могут выступать отдельные отношения или группы взаимосвязанных отношений этой системы. С объективной стороны ОПГ представляет собой соучастие в преступлении, обладая всеми его признаками. Исходя из смысла закона, банду можно определить, как устойчивую вооруженную группу или организованную вооруженную группу из двух или более лиц, предварительно объединившихся для совершения одного или нескольких вооруженных нападений на граждан или организации. ОПГ выступает как устойчивая, преступная организация, отличающаяся от прочих видов соучастия качественными характеристиками. Под преступной организацией следует понимать стойкое объединение, организовавшееся для совершения преступлений, имеющее руководителя и подчиненных, где распределение обязанностей тщательно продумано.

Таким образом, ОПГ как одна из разновидностей группового преступления, характеризуется множественностью участников, непосредственным участием каждого из них в обеспечении выполнения действий, составляющих объективную сторону одного и того же состава преступления; осуществление преступного намерения совместным участием всех лиц, объединившихся в ОПГ от выполнения интеллектуальных функций до приложения непосредственных физических усилий<sup>6</sup>.

ОПГ представляет собой разновидность преступлений, совершенных в соучастии, к числу характеризующих ее признаков относится следующее:

- планирование преступной деятельности;
- распределение ролей между соучастниками в процессе совершения преступления;

- стабильность состава группы - и согласованность их действий;
- постоянство форм и методов преступной деятельности;
- длительность существования и количество совершенных преступлений.

Данные признаки свидетельствуют об устойчивости как о свойстве, на которое содержится указание в законодательной характеристике организованной группы.

Определение организованной преступности было дано в США министерством юстиции и ФБР в 1975 году для использования его в специальных программах борьбы с этим явлением. Согласно этому определению, "организованная преступность есть деятельность любой группы лиц, чьи основные занятия связаны с нарушением уголовных законов в целях получения нелегальных доходов, а также возможности заниматься рэкетом и в случаях необходимости сложными финансовыми манипуляциями". Следует отметить, что организованную преступность во многих штатах США определяют по-разному, но суть сводится к одному - к наличию организации (группы), установленной субкультуры в ней и к занятию преступным бизнесом. При этом дефиниции чаще всего содержат элементы, характеризующие не организованную преступность как социальное явление, а уголовно-правовые признаки, обуславливающие понятие организованного преступления. В частности, в штате Калифорния под организованным преступлением понимают деяние, совершаемое двумя и более лицами в течение продолжительного времени. Подобная же преступность наблюдается в Италии и Японии. В других странах она выражается не в форме мафии. Например, специалисты ФРГ, отмечая исключительную общественную опасность организованной преступности, понимают под ней и описывают устойчивые организованные группы, занимающиеся различными видами корыстно-насильственных преступлений<sup>7</sup>.

<sup>1</sup> Яблоков Н. П. Криминалистика: Учебник для вузов — М.: Изд. БЕК, 1995. 701 с.

<sup>2</sup> Филиппов А.Г. Криминалистика: Учебник. — М.: Изд.«Спарк», 1995. 543 с.

<sup>3</sup> Резван А.П. Криминалистическая методика расследования отдельных видов преступлений: Учеб. пос. в двух частях. — М.: НМЦ ГУК МВД России, 2002. 232 с.

<sup>4</sup> Уголовный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями от 07.11.2014 г.) // <http://adilet.zan.kz>.

<sup>5</sup> Растегаев А. А. Анализ общеуголовной корыстной преступности. Методика анализа преступности. — М., 1986. 152 с.

<sup>6</sup> Устинова Т.Д. Уголовная ответственность за ОПГ. — М., 1997. 138 с.

<sup>7</sup> Преступность в зарубежных государствах (сравнительный анализ) // Электронная библиотека студента // <http://bibliofond.ru/view.aspx?id=12290>.

***С.Ә.Төлеев, Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының жедел іздестіру қызметі кафедрасының оқытушысы, полиция майоры***

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ КАДР РЕЗЕРВІМЕН ЖҰМЫСТЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, ішкі істер органдарының жас басшылары қиыншылықтарға кәсіби тұрғыда емес, басқарушылық және психологиялық тұрғыда: бұрынғы әріптестерімен қатынастар жүйесін қайта орната алмау, басқарушылық шешімдерді қабылдаудағы сенімсіздік, қойылған талаптарды қол астындағылардың түсінбеуі, ұжымдағы конфликтілер және оларды шеше алмау, құқық қорғау органдарының басқа да құрылымдық бөліністерімен, мемлекеттік органдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл қиыншылықтарына тап болуда.

Басшының ең басты қасиеті – басқару қабілеттілігі – Көне Қытайдағы Конфуций айтып өткендей, бұл қасиетсіз кез-келген іс-әрекет сәтсіз және қауіпті болып қана қоймай, жайдан-жай жалпы күйреуге алып келеді: «Біреулер қолмен, ал басқалары баспен жұмыс істейді. Қолмен жұмыс істейтіндер баспен жұмыс істейтіндерді бір-бірін құртып жіберуге дейін барады»<sup>1</sup>.

Ерте заманнан бастап осы күнге дейінгі тиімді басқару өнеріне арналған еңбектерде жігерлі және өнімді басшылыққа бір қасиеттер ерекшеленіп көрсетіледі. Ұйымның табысты басшысына келесі қасиеттер тән: ол ұйымдастырушылық пен үйлестіру, қадағалау, мотивациялау, ақпараттық мониторинг, кадрлық саясат, өкілділік қабілеттеріне ие болуы қажет. Бірақ ең бастысы, тиімді басқаруға қабілетті адам – іске, ұйымдастырушылыққа, табысқа, ерекше түрде – қарамағындағылар мен оған сенім білдірген адамдарға жеке жауапкершілігін терең саналы түрде сезінуі тиіс<sup>2</sup>.

Қызмет өткерудің мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның дамуы бүгінгі күнде психология ғылымының мүмкіншіліктері мен қазіргі практикалық психологияның жетістіктерін есепке алмай жүргізіле алмайды.

ПМ-нің психологиялық қызметі – бұл ПО қызметкерлерінің жұмысын психологиялық сүйемелдеуі үшін іс-шаралар кешенін ұйымдастыратын және жүзеге асыратын ПМ-нің күштері мен құралдарының жүйесі.

Психологиялық қызметтің жұмысын реттейтін ПМ-нің 2008 жылғы 21 сәуірдегі №147 бұйрығымен бекітілген «ПО инспектор-психологтарының мәртебесі мен өкілеттіліктері туралы ережеде» кадр резерві бойынша жұмыстағы психологтің рөлі негізгі функциялардың 4-ші тармағында «жоғары тұрған лауазымдарға іріктеу және кадрлар резервін қалыптастыру жөніндегі жұмысқа қатысу, психодиагностикалық және арнайы психофизиологиялық зерттеулер жүргізу, ұсынымдар дайындау болып табылады» деп көрсетілген<sup>3</sup>.

Басқаруды жетілдірудегі, атап айтқанда, ПМ жүйесінде басшылық кадр резервін қалыптастырудағы психологтардың қатысу өзектілігі анағұрлым көзге көрінерліктей. Бұл тек оның қазіргі ұйымдастырушылық-құқықтық құжаттарда қарастырылуымен ғана байланысты емес, сонымен қатар олардың қызметінің ерекшелігінен де көрінеді.

Басшылық кадрының резервін жасау туралы қолданыстағы ПМ-нің бұйрығы үміткерлерді психологиялық тұрғыда бағалауды көздейді, сондықтан жылжытуға арналған резервке үміткерлерді іріктеудің психологиялық топтамасын жасау және басқару психологиясына үйрететін психологиялық тренингтен өту қазіргі кезде өзекті мәселе болып табылады.

Кадр резервімен жұмысқа психологтың табысты қатысуы тек психологиялық әдістер мен әдістемелерге сүйене отыра, басшылық лауазымға үміткердің тұлғасын бағалауда сарапшы болу қабілетін қарастырады. Мұндағы негізгі талап – психодиагностика нәтижелерінің объективтілігі және сарапшылық қорытынды шығарудағы тәуелсіздік.

Кадр резервімен жұмысты психологиялық қамтамасыз етудің бес негізгі бағыттарын атап өту қажет:

- жеке-психологиялық диагностикалық зерттеу;
- тестілеу нәтижелері бойынша психологиялық кеңес беру;
- кадр резервін психологиялық дайындау;
- бос лауазымға үміткерді тағайындауда басшыға психологиялық кеңес беру;
- жаңадан тағайындалған басшыны жаңа лауазымға кіріскен кезде психологиялық сүйемелдеу<sup>4</sup>.

Кадр резервіне үміткерлерді іріктеу мақсатында диагностикалық зерттеуді өткізгенде психологтың алдында іріктелетін адамдардың тұлғалық және кәсіби қасиеттерін бағалауға болатын белгілерді есепке алатын психодиагностика әдістерін таңдау міндеті тұр.

Мұндай бағалаудың анықтаушы белгілері ретінде бұл адамдардың практикалық қызметінің нәтижелері және резерв жасақталатын лауазымның талаптары болуы тиіс. Тиісінше аталған тапсырманы шешу үшін психологтың жұмыстағы басты құралы ретінде профессиограмма мен басшылық лауазымдары болуы тиіс. Профессиограмма дегеніміз – белгілі бір мамандыққа тән жұмыс мазмұнының сипаттамасы және белгілі мамандықты алып жүрушіге қойылатын талаптар (кәсіби, іскерлік, жеке қасиеттері) көрсетілген құжат<sup>5</sup>.

Жалпы үміткерлерді психодиагностиканың әдістерімен зерттеу үміткерлердің жеке-психологиялық ерекшеліктерін және ұйымдастырушылық қабілеттерін зерттеуге, психикалық қасиеттерінің даму деңгейін анықтау мен болашақ қызметінің сәттілігін болжауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оның нәтижелері бойынша жалпы (кімді және қалай дайындау, жеке дайындықтың жүйесі қандай болуы тиіс) және қатаң түрдегі шараларды қолдануға болады.



Тестілеу нәтижесі бойынша психологиялық кеңес беру бұл практикада әлі жеткіліксіз деңгейде қолданылады. Сонымен бірге адамдар өздерінің тестілеуінің нәтижесі туралы ақпаратты алуға өте қызығушылықпен қарайды, сондықтан психолог міндетті түрде не жеке, не топтық кеңес беруді өткізуі тиіс.

Басқарушылық кадр резервінде тұрған қызметкерлерді психологиялық дайындаудың мақсаты ретінде басқарушылық қызметтің психологиялық қиыншылықтарын сәтті айналып өтудің дайындығын қалыптастыру, практикада әр түрлі жағдайдағы өз міндеттерін тиімді орындауға қажетті психологиялық білімдерді қолдану дағдысын дамыту болып табылады.

Ішкі істер органдарында әр түрлі лауазымдық орындарды психологиялық дайындаудың ортақ бағдарламасы жоқ. Оларды дайындау басшыларының қызметі процесін психологиялық қамтамасыз ету жұмысының қажетті шарты болып табылады. Бағдарлама басшылық қызметінің қажеттіліктеріне арнайы іріктелген және бейімделген психологиялық білімдердің жүйеленген жиынтығын көрсетуі тиіс. Психологиялық дайындықтың мәселесін іскерлік ойындар, тренингтер барысында сәтті түрде шешуге болады.

Басшылық лауазымға өлшемсіз және ойланбайтын қадамдарға қабілетті немесе күрделі басшылық міндеттерді шешуге қабілеті жоғары емес адамдарды тағайындауға жол бермес үшін кадрлық тағайындауға құзыретті басшыға уақтылы анықтауда және мүмкін болатын қателіктерді болдырмау үшін көмек беру қажет.

Сондықтан басшыларға кадрлық тағайындау кезінде асығыс шешім шығармай, алдын ала бос лауазымды толықтыруына үміткердің дайындық деңгейі туралы маманның кеңесін алу ұсынылады.

Үміткердің жаңа лауазымға орналасқаннан кейін оның бейімделуінің күрделі кезеңі басталады. Бейімделу әлеуметтік-психологиялық та, кәсіби тұрғыда да жан-жақты процесс болып табылады. Басшы мен ұйымның өзара іс-қимыл жасасуы барысында негізін басшының басқару қызметінің жаңа кәсіби және әлеуметтік-психологиялық шарттарына біртіндеп енуін құрайтын өзара үйлесуі жүреді. Іс-әрекет талаптарына адамның бейімделуінің негізгі жолдарына оқу мен тәрбиелеу, үйрену, қызметінің жеке стилін қалыптастыру жатады.

Бейімделу кезінде психологиялық қолдау мен көмек беру:

- қиыншылықтарды жеңуге позитивті бағдарды қалыптастыру;
- ұжымның психологиялық хал-ахуалы, ұжымның ресми және ресми емес құрылымы туралы қажетті ақпаратты уақтылы алуы;
- қарамағындағы қызметкерлермен жеке-тәрбиелік жұмыстың нысаны мен әдістерін таңдауда білімдік-кеңестік көмек көрсету;
- ұжымдағы психологиялық хал-ахуалға сәйкес келетін басқару стилін таңдауда консультативтік көмек көрсету;
- жаңа басшы туралы ұжымда жағымды көзқарас қалыптастыру болып табылады<sup>6</sup>.

Жылжытуға арналған резервті қалыптастырудағы кадрлық жұмыс ең алдымен жоғары тұрған лауазымға сәйкес келетін, жаңа лауазымның талаптарына тез бейімделіп және өз міндеттерін жоғары кәсіби деңгейде орындай алатын үміткерлерді іріктеуді қарастырады.

Мамандардың іскерлік, кәсіби және тұлғалық қасиеттерін бағалаудағы негізгі принцип адамның ерекшеліктері мен оның қызметінің өзара байланысын қамтиды: қызмет үміткердің лауазымдағы болашақ жетістігі туралы болжам жасауға әкелетін адамның көптеген кәсіби маңызды қасиеттерін, яғни мұның негізінде жеке қызметке деген көзқарасты қалыптастырады.

Жоғары лауазымға резервте тұрған үміткерлер – өздерін жұмыста көрсете алған, сонымен қатар осыған дейін бірнеше психологиялық зерттеуден өткен, сондықтан да оларды психологиялық бағалауда ерте алынған психологиялық ақпаратты қоса отырып басқа талаптар негізінде қарастыру керек. Бұл жағдайда басшылық лауазымға кадр резервін жасақтау туралы сөз қозғалуда, сондықтан, психологиялық зерттеу ең алдымен оның адамдарды басқару және шешім шығаруға негізделген болашақ қызметі ұстанымынан өткізілуі тиіс. Сол себепті резервке үміткерді өзі айналысатын қызметтен және өзі қызмет жасап жатқан және қызмет жасайтын ұжымынан шеттетіп қарастыруға болмайды.

Соңғы жылдары ПО жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымдары адамдарды басқару мәселелеріне көп көңіл бөле бастады. Мұның себептері көп: адамдарды басқарудың

ескі әкімшілік нысандарының күші жойылды, бұл көптеген адамдарға жұмыстың жаңа тәсілдері мен әдістерін іздеуге алып келді; ішкі істер органдарында жүргізіліп жатқан реформалау жаңа резерв пен ресурстарды іздеуге алып келді. Осы жағдайларда көптеген адамдар ПО қызметкерлерінің кәсіби қызметінің тиімділігін жоғарылатудың маңызды факторы ретінде тек қана материалдық емес, сонымен қатар «адамдық ресурстарды» тиімді қолдануға назар аударды.

Ішкі істер органдарының психологиялық қызметіне арналған зерттеулер талдамасы ішкі істер органдары басшылық кадрларының кәсібилігі мен психологиялық біліктілігінің төмен деңгейі мен оларға қазіргі жағдайда жоғарылаған талаптар арасындағы туындаған карама-қайшылықты көруге мүмкіндік береді, бұл кең мағынасында кадр резервімен жұмысты, яғни оларды психологиялық дайындауды ұйымдастыру мен үйрету мәселелерін қоса күшейтуді талап етеді.

ПО-дағы нақты жағдайларға сүйене жылжыту резервін психологиялық қамтамасыз ету жұмысы жүйесінің құрылымдық элементінің қасиеті ретіндегі үш негізгі бағыт ерекшеленеді – басшылық резервін үйрету, дайындау және бағалау. Осылайша, ішкі істер органдарындағы кадрмен жұмыс бұл қызметті қамтамасыз ететін және реттейтін мақсаттар, принциптер, құрылымдар және элементтерді (резервпен жұмысты қалыптастыру және ұйымдастыру) қарастыратын ұйымдасқан жүйелі қызметті құрайды деп айтуға болады.

Жылжытуға арналған кадр резервін психологиялық қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру бұл процесті басқаратын барлық субъектілердің (психологиялық және кадрлық қызметтің қызметкерлері, барлық деңгейдегі басшылар) ұйымдасқан, жүйеленген қызметін талап етеді, олардың міндеті - жоғары психологиялық мүмкіншілігі бар келешекті резервті анықтау, олардың болашақ басшылық қызметке психологиялық дайындығының және резервтегі адамның жаңа лауазымға тағайындалуының психологиялық дайындығының деңгейін бағалайды.

- <sup>1</sup> *Колодкин Л.М.* Организационные и правовые основы работы с кадрами в органах внутренних дел. — М., 1979.
- <sup>2</sup> *Портнягина Н.Ю.* «Психологическое обеспечение работы с резервом кадров на выдвижение в ОВД»: Учебно-методическое пособие. — Домодедово, 2007.
- <sup>3</sup> «ПО инспектор-психологтарының мәртебесі мен өкілеттіліктері туралы ереже» 2008 жылғы 21 сәуірдегі ҚР ПМ-нің № 147 бұйрығы // <http://adilet.zan.kz>.
- <sup>4</sup> Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы кадр резервін қалыптастыруға нұсқаулық. 02.10.2010ж. ҚР ПМ-нің № 129 бұйрығы // <http://adilet.zan.kz>.
- <sup>5</sup> Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының кадр резервімен жұмысты психологиялық қамтамасыз ету бойынша әдістемелік көмекші құрал. — Астана, 2011.
- <sup>6</sup> *Марсанов Т.Н.* Социально- психологический тренинг. — М., 1998.

***О.С.Төлепберген, Қазақстан Республикасы ПМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының білім сапасын мониторингілеу және бақылау бөлімінің аға инженер-бағдарламашысы, полиция капитаны***

## **ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ**

Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі - оқу процесін электронды оқулық немесе оқытудың компьютерлік құралдарын жасау және пайдалану. Оқу процессінде компьютерлік оқулықтар, есептер жинақтары, энциклопедиялар, тестілеу мен бақылау, анықтамалық жүйелер қолданыс табады. Оқытудың компьютерлік құралдарын білім берудің ақпараттық технологияларының негізгі бір түрі ретінде қарастыруға болады. Жалпы білім берудің ақпараттық технологиялары дәстүрлі оқыту әдістері мен тәсілдерінде кейбір педагогикалық мәселелерді шешудің жаңа құралдары ретінде пайданылады<sup>1</sup>.

Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесінде белсенді пайдаланылуы оның нақты педагогикалық есептерді шешуге арналған құралы қызметін атқаруымен қатар, дидактика мен әдістеменің дамуына әсер етіп, оқыту мен білім берудің жаңа әдіс-тәсіл-

дерін, формаларын құруға алып келеді. Мысалы, Internet технологияларының кеңінен таралуы қашықтықтан оқыту әдісінің жедел дамуына мүмкіндік туғызуда. Мультимедиялық технологияның, компьютерлік графика мен машықтану жүйелерінің дамуы, кәсіби ортадағы іс-әрекетті бейнелейтін виртуал жағдайға "ену" жолымен оқыту әдістемесінің құрылуына түрткі болды. Ал, компьютерлік желілік машықтандырушы класстардың пайда болуы, іскерлік ойындар мен сайыстар түрінде көп рөлді машықтандыру әдістемесінің дамуына ықпал жасады (кәсіби сайыстар мен іскерлік ойындар бұрын бері кәсіби дайындық пен іскерлікті арттыру барысында қолданылып келген. Ал ақпараттық технология оларды жаңа деңгейде ұйымдастыру мен өткізуге мүмкіндік туғызуда).

Сонымен оқытудың компьютерлік құралдары дидактика мен әдістеменің жаңа қырынан дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Яғни, ОКҚ-ны оқу процесінде пайдалану негізінде

- оқытудың сапасы артады;
- оқыту жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуге кететін шығындар азаяды;
- оқытушылардың оқыту барысында сабақ түсіндіру, бақылау алу, тапсырманың орындалуын қадағалау, бағалау, білім мен іскерлікті игеру деңгейлерін анықтау сияқты басқару жұмыстарының шығармашылық іс-әрекетке (ғылыми-ізденіс және әдістемелік мәселелерді шешу, оқу-әдістемелік құралдарды дайындау т.с.с.) көшуіне алып келеді;
- оқытудың мазмұны мен құрылымдарының өзгерістеріне қарай оқу процесін оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыздандыруды жеделдетеді.

Электрондық оқытуды енгізу бірқатар нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды педагогтердің құзыреттіліктерін – қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, электрондық оқыту жүйесін пайдаланушыларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру қажет.

Электрондық оқыту жүйесін ұйымдастыру жағынан қамтамасыз етуді қалалар мен облыстардың білім беру басқармалары жанындағы Білім берудегі жаңа технологиялардың өңірлік орталықтары жүзеге асыратын болады.

Электрондық білім беруге арналған электрондық ресурстармен және контентпен қамтамасыз ету – мемлекеттік-жеке әріптестік негізінде жүзеге асырылады. Интернет желілеріне білім беру ұйымдарының 90 % - ынан астамы қосылатын болады. Бірінші кезекте – ресурстық орталықтардың пилоттық бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін мектептер.

Кеңжақты интернетке қосылу, электрондық білім беру жүйесі үшін жабдықтармен қамтамасыз ету және жеткізушілердің қызмет көрсетулерін таңдау мемлекеттік сатып алу саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілетін болады.

Білім беру ұйымдарының 90 %-ының қажетті оқу ресурстары бар интернет-ресурстары болады.

Негізгі және бейіндік орта мектепте оқытылатын әрбір пән бойынша интерактивті және зияткерлік цифрлы білім беру ресурстары әзірленетін болады. Оқытушылар жасаған электрондық білім беру ресурстары (медиакаларды бір орталықтан құру және ресурстармен толтыру) дамытылады делінген<sup>2</sup>.

Осы айтылғандардан қазіргі уақытта білім беру жүйесінде дәстүрлі құралдарға қарағанда оқытудың компьютерлік құралдарын қолдану қажеттігі артып келе жатқандығын көруге болады. Сондай-ақ, оқытудың компьютерлік құралдары дәстүрлі оқу-әдістемелік құралдармен үйлестіре қолданудың тиімділігін практика көрсетіп отыр. Дегенмен, оқытудың компьютерлік құралдары компьютерсіз оқыту құралдарын толығымен алмастыра алмайды.

Қазіргі кезде көптеген оқытудың компьютерлік құралдарының түрлі нұсқалары дайындалып, ұсынылуда. Дегенмен, оларға жүйелі түрде талдау жүргізіліп, тиімділіктері мен кемшіліктері анықталып, олардың сапасына талаптар қойылуы, болашақ жасалатын оқытудың компьютерлік құралдарына ұсыныстар берілуі жеткіліксіз. Ал, шет елдерде бұл бағытта зерттеулер жүргізіліп, даярланған оқытудың компьютерлік құралдарына талдаулар жасалынып, олардың кемшіліктері айқындалуда. Талдаулар нәтижесінде оқытудың компьютерлік құралдарын жобалауда жіберілетін басты кемшілігі-оны дәстүрлі оқу-әдістемелік құралдың электронды көшірмесі ретінде ғана құрылатындығы анықталды<sup>3</sup>.

Оқытудың компьютерлік құралдарын даярлауда оны баспа оқулық ретінде қағазға шығарып, көбейтудің қажеттілігі болмағандықтан, оны жетілдіріп, жаңартып отырудың мүмкіндігі жоғарылайды. Бұл жерде оқытудың компьютерлік құралдарын дайындау технологиясынан хабары аз мұғалімдер дидактикалық материалды дәстүрлі құралдар шығару сияқты даярлау жеткілікті деп есептейді оқытудың компьютерлік құралдарында дидактикалық оқу материалымен қоса, программалық өнімнің негізі болып есептелетін алгоритм мен модельдерде де ескерілуі тиіс. Дидактикалық есепті шешуді ақпараттық технология мамандарына жүктеу барысында (программалаушы, безендіруші, мультимедиялық компоненттер жасаушылар) тиімділігі төмен әдістемелік және дидактикалық сауатсыз оқытудың компьютерлік құралдары пайда болады<sup>4</sup>.

- <sup>1</sup> *Досжанов Б., Альменаева Р.* Қазақ тілінде электрондық оқулықтар мен web-парақтар даярлау әдістері // Информатика негіздері. — 2002. — №3.
- <sup>2</sup> Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // <http://online.zakon.kz>.
- <sup>3</sup> *Нұрғалиева Г.К.* Электронды оқулықтар - мұғалім мен оқушылар қызметін ізгілендіру құралы // Компьютер әлемі. — 2002. — №2. — 206.
- <sup>4</sup> *Камардинов, О.* Информатика. Жоғары және орта оқу орындарына арналған оқу құралы. — Алматы: Ғылым, 2004. 125 б.

***Е.Е. Төребеков, Қазақстан Республикасы ИМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының білім сапасын мониторингілеу және бақылау бөлімі бастығының міндетін атқарушы, полиция майоры***

## **ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Қазіргі таңда педагогика ғылымының өзекті де, өткір мәселелерінің бірі білім алушылардың білім сапасын арттыру, оқыту мәселесін жақсарту болып отыр. Қазақстандық білім модернизациясының концепциясы білім мәселелері бойынша соңғы үкіметтік құжаттар білім сапасын қамтамасыз ету барысында бірқатар приоритеттік шараларды қарастырады және оны ілестіру жүйелерін қалыптастырады, соның ішінде – критерийлер кешенін, бағалау технологиялары мен процедураларын анықтау, педагогикалық мониторингті ұйымдастыру және оны білім сапасын басқарудың ажырамас құралы ретінде пайдалану екені белгілі<sup>1</sup>.

Заманауи педагогикалық ғылым мен іс-тәжірибе біздің түсінігімізде белгілі бір мақсатқа бағытталған, арнайы ұйымдастырылған, оның қызмет ету мен қалыптасу процесінің дамуын немесе оның түрлі элементтерін адекваттық басқару шешімдерін жинақталған ақпараттар мен педагогикалық болжам сараптамаларының негізінде үздіксіз қадағалап отыратын мектеп жөнінде мәліметтер жинаудың дәстүрлі тәсілінен педагогикалық мониторингке өту қажеттілігімен алға қойылған.

Бұл мәселені шешудегі алғашқы қадамдар яғни, мемлекеттік білім беру стандарттары қоғамдық қажетті норматив ретінде жасалып, білім берудің түрлі деңгейлерінің сапа көрсеткіштері мен критерийлері жүзеге асырылып, білім беру мекемелері мен т.б. педагогикалық мониторингті ұйымдастырудың эмпирикалық тәжірибелері жинақталып жатыр.

Қазіргі білім беру саласына ақпараттық технологиялардың енгізілуі жыл сайын кешенді сипат алуда. Білім алушылардың білімін бақылауды ғылыми тұрғыдан ұйымдастырудың жалпы мәселелеріне, педагогика теориясы мен әдістемесі, оқу үрдісін басқару мәселелеріне қызығушылық арта түсті.

Соның бірі - білім сапасына мониторинг жүргізу. Білім беру мониторингі - білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингілік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау<sup>2</sup>.

Бұл сөз ағылшынның «монитор» деген сөзінен алынған. Белгілі параметрлерді анықтаудағы бақылау құралы. Мониторингті жүргізгенде, шұғыл түрде белгілі бір ақпараттың көлемін таңдай аламыз және өңдей аламыз. Бақылаудың тиімді жаңа технологиясы уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді<sup>3</sup>.

Бұл – мониторингтің тағы бір маңызды ерекшелігі. Мониторинг бойынша оқытушы кезекті тақырыптың бақылау жұмысының алдында әр оқушының өткен материалды қандай деңгейде меңгергенін қадағалап, үлгірмеушілермен қосымша жұмыс жүргізе алады.

Мониторингтің мәні әр тоқсанның не әр тараудың соңында шыққан графиктен осы тұстағы алған білімінің кем тұстары мен жетістіктерінен айқын көрініп тұрады. Даму мониторингіне қарап, білім деңгейін оқушы өзі бақылап отырады.

Мониторингтің басты ерекшеліктері мынада:

білім алушының белгілі бір тақырыпты төмендеу меңгергенін, аздау ұпай алғанын байқап, білімдегі олқылықты жою мақсатында тапсырмалар жүйесін ұсыну;

білім алушы өз кемшілігін байқайды, өз тұрғыластарынан қалмау үшін не істеу керектігін аңғарады;

- өз зейінін тәрбиелейді;
- білім жүйелілігі мен тізбекті байқайды;
- ойланып оқуға дағдыланады;
- білім алуда жоспар, тезис құруға машықтанады;
- білім алушының білім сапасын арттыруға жағдай туады.

Сол себепті білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуына объективті баға беру үшін, сонымен қатар білім сапасын бағалау үшін де мониторинг үлкен маңызға ие мәселе болып отыр.

XXI ғасырда ғылыми-техникалық прогресс ғасырында қоғамның қызмет аумағына ақпараттық коммуникациялық технологиялардың белсенді түрде енуіне байланысты әлемдік қоғам өзінің даму тарихында ақпараттық қоғам болып қалыптасты. Осыған сәйкес 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарында барлық білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыттары анықталды. Сонымен қатар, «... білім беру сапасын бақылау тетіктерін жетілдірумен сүйемелденетін болады» деп атап көрсетілді. Сол себепті білімді ақпараттандыру жағдайында білім алушылардың білімін бақылау мен бағалау, яғни мониторинг жасауды ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін жасау маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі жағдайда білім сапасын жетілдіруге, оқыту үрдісінде бірінші кезекте оқушыға мән беруге, оның талабын, сұранысын, қызығушылығын қанағаттандыруға баса көңіл аударып келеді.

Сол себепті білімді ақпараттандыру жағдайында білім алушылардың білімін бақылау мен бағалау, яғни мониторинг жасауды ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін жасау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Яғни, соңғы жылдары білім беру жүйесінде ерекше көңіл аударылып отырылған мәселеле - мониторинг жұмыстары.

Мониторинг туралы айтқанда алдымен білім беру жүйесіндегі бақылаудың түрі тест жайында сөз қозғалады.

Мемлекеттік білім стандарттарын дайындау, оқыту мен білімді бағалаудың жаңа технологияларын ендіру педагог қауымның тестке деген қызығушылығын арттырды. Көптеген педагогикалық жаңалықтардың бір бөлігі болып табылатын тестілер білім, білік, дағды деңгейінің қалыптасуын объективті бағалауға, оқушылар дайындығының стандарт талаптарының сәйкестігін тексеруге, білім алушылар даярлығындағы қиын мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Мониторинг - ұзақ уақыт белгілі бір мақсат негізінде жинақталған, сақталған ақпараттарды өңдеу, субъектілерді ақпарат нәтижесімен қамтамасыз ететін кері байланыс.

Мониторинг тиімділігін арттырудағы маңызды талаптар - ақпараттың толықтылығы, нақтылығы, объективтілігі, үздіксіздігі, уақытында орындалуы, құрылымдылығы, үздіксіздігі, мониторингтің әр түріне арнайы жасалуы болып табылады.

Білім беру жүйесінде мониторингтің педагогикалық түрі қолданылады. Педагогикалық мониторинг дегеніміз - білім беру жүйесінің қызметі туралы ақпаратты жинап, сақтап, саралап, таратуға және оның үздіксіз бақылап отыруға, даму болашағына болжау жасауға мүмкіндік беретін жұмыс жүйесі.

Педагогикалық мониторинг жасауға қажетті ақпаратты жинау мына бағыттардан жүзеге асырылады: 1) ақпараттың мазмұны. 2) ақпараттың сапасы. 3) ақпаратты басқаруда пайдалану.

Мониторингтің педагогика теориясына және тәжірибеге енуіне әсер етуші факторлар мыналар болып табылады:

- педагогикалық жүйедегі инновациялық процестер;
- педагогикалық менеджмент;
- педагогикалық диагностика;
- педагогикалық тестілер;
- білімдегі, тәрбиедегі, дамудағы жеткен жетістіктер;
- шығармашылық қабілет.

Мониторингтің негізгі объектісі – білімділік және тәрбиелілік. Мониторингтің педагогикалық нәтижесі болып, білім құрылымындағы, оқу дағдысындағы, тәртібіндегі, қатынас жүйесіндегі тұлғаның бағытталуы болып табылады.

Мониторингтің мақсаты – оқу үрдісінің барысы туралы ақпарат алу, кезең-кезеңімен алып жатқан ақпарат негізінде осы процестің сапасы мен тиімділігін арттыру.

Білім сапасын бағалаудағы мониторингтік зерттеулердің бірінші мақсаты - белгілі бір критерийлерге сәйкес, параметрлері бойынша білім жүйесін бейнелеу. Бұдан кейін жүйедегі басқа да түрлі объектілердің өзара байланысын анықтайтын мақсаттар қойылады, объектілердің (көрсеткіштердің) өзара әрекеттерін зерттеу моделдері мен білім беру жүйелерін белгілі бір уақыт ағымында түрлі деңгейлерде салыстыру қажет.

Бақылау, қадағалау кезінде білім алушы өзі де өз оқу жұмыстарының нәтижесі бойынша ақпарат алады. Бұл оған білім игеру барысында қандай жетістіктерге қол жеткізгенін, сонымен бірге, өз кемшіліктері мен олқылықтарының пән бағдарламаларының қай тұстарымен байланысты екенін көрсетеді.

Алдын-ала бақылау - әдетте, диагностикалық міндеттерге орай жүргізіледі. Оның мақсаты - білім алушының оқуды бастауға дейін игерген білім, ептілік, дағдыларының деңгейін, дәрежесін анықтау. Бұл жұмыс жыл басында немесе тақырыпты өту алдында өткізіледі. Алдын-ала бақылау нәтижесінің негізінде оқытушы оқу жұмыстарының тиімді түрлері мен формаларын таңдайды.

Ағымдағы (күнделікті) бақылау – оқу барысында ұйымдастырылып, білім, ептілік және дағдылардың қалыптасу дәрежесін, сонымен бірге, игерілген материалдың қаншалықты терең және берік бекігенін анықтау үшін қолданылады. Бұл бақылаудың тиімділігі – білім алушы біліміндегі кемшіліктер мен олқылықтарды дер кезінде байқап, бағдарлама ақпараттарын меңгеруде көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Күнделікті бақылаудың дұрыс жолға қойылуы білім алушының әр сабаққа мұқият әрі тыңғылықты дайындалып жүру жауапкершілігін арттырады.

Мерзімді бақылау - белгілі уақыт аралығындағы жұмыстардың қорытындысын алуға пайдаланылады. Ол тоқсан аяғында немесе жылдың жартылдықтың аяғында жүргізіледі.

Тақырыптық бақылау – тақырып, бөлім материалдары өтіліп болған соң өткізіледі.

Қорытынды бақылау – оқу үрдісінің соңғы нәтижелерін жинақтау үшін қолданылады. Ол пән бойынша бүкіл білім, ептіліктер мен дағдылар жүйесін қамтиды.

Мониторинг бойынша оқытушы кезекті тақырыптың бақылау жұмысының алдында әр оқушының өткен материалды қандай деңгейде меңгергенін қадағалап, үлгірмеушілермен қосымша жұмыс жүргізе алады. Мониторингтің мәні әр тоқсанның немесе әр тараудың соңында шыққан кестеден осы тұстағы алған білімінің кем тұстары мен жетістіктері айқын көрініп тұрады. Даму мониторингіне қарап, білім деңгейін оқушы өзі бақылап отырады.

Мониторингтің негізгі түрлерін уақыт және мазмұнның көлемі бойынша жіктеуге болады. Мониторинг ағымдық, тақырыптық және қорытынды болып бөлінеді. Мониторингтің бұл түрлеріне Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген ережелер бар.

Мониторингтің жіктелуі:

Ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттау болып жіктеледі.

Ағымдық бақылау дегеніміз – білім алушылардың практикалық дәріс кезіндегі жұмысын ( үй тапсырмасының орындалуы, өз бетінше есеп шығару, дәріс курсы кезінде теориялық сұрақтарға жауап беруі) бағалау, жеке тапсырмалардың қорытындысын шығару.

Аралық бақылау дегеніміз - бұл аудиторияда оқытушының қатысуымен болатын коллоквиум, бақылау, тест жұмыстарының орындалуы.

Қорытынды бақылау дегеніміз - оқу кезіндегі өткен тақырыптардың соңында білім алушы пән бойынша алған білімінен емтихан тапсыруы<sup>4</sup>.

Мониторингті жүргізу үдерісі ауызша немесе жазбаша түрде болуы мүмкін.

Мемлекеттік білім стандарттарын жасау, оқыту мен білімді бағалаудың жаңа технологияларын ендіру педагог қауымның тестілерге деген қызығушылығын арттырды. Көптеген педагогикалық жаңалықтардың бірі болып табылатын тестік жүйе студенттердің білім, білік, дағды дейгейін объективті бағалауға, білім алушылардың даярлау талаптарының берілген стандарттарға сәйкестігін тексеруге, білім алушылар даярлығындағы қиын мәселелерді анықтауға жол ашады.

Қазіргі уақытта білім жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі білім алушылардың білім сапасының деңгейін жоғарылату болып саналады. Бұл мәселені жүзеге асыру үшін білім алушылардың білім сапасы деңгейін анықтау, талдау, саралау қажет. Білім сапасына мониторингтік зерттеулер өткізу, нәтижелер шығару, жоспарлау, бағдарлау, жобалау болып табылады.

Оқыту мен білімді бағалаудың жаңа технологияларын ендіру педагог қауымның білімге, мониторинг жасауға деген қызығушылығын арттыруда.

Қорыта келгенде, білім беру үрдісін мониторингілеу – оқыту нәтижелілігінің қажетті шарты, нақты білім алушы мен оқытушы іс - әрекетінің нәтижесін талдау мен оқу орнының даму болашағын болжаудың динамикалық жүйесі.

Жалпы білім сапасы көп айтылып жүрген бүгінгі шақта оқыту үдерісінің әр түрлі қырларын талдауда мониторингтік зерттеу таптырмас құрал болып табылады. Мониторингтік зерттеу нәтижесінде оқыту үдерісі туралы дәл, әділ тез ақпарат алуымызға болады.

Оқыту үрдісін ұйымдастыру сапасының артуына септігін тигізетін мониторингтік ұтымды қолдану білім алушының білімге деген қызығушылығы мен біліктілігін арттырады.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 28 қаңтардағы №92 бұйрығы // <http://online.zakon.kz>.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. (өзгерістер мен толықтырулар 09.04.2016 жыл) // <http://online.zakon.kz>.

<sup>3</sup> *Бершадский М.* Каким должен быть мониторинг учебного процесса? // Народное образование. — 2002. — №7. — С. 81.

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар 13.05.2016 жыл) // <http://online.zakon.kz>.

*Д.Т. Тулеуов, Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының кәсіби және қосымша білім факультетінің аға әдіскер оқытушысы, полиция майоры*

## **ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

Бәрімізді бүгінгі таңда аландататын мәселе –тыңдаушылардың сапалы білімді игеруі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Білімді, сауатты адамдар-бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» деп еліміздің болашағы үшін сауатты ұрпақты тәрбиелеуді басты назарға қойып отыр<sup>1</sup>.

Ұлтымыздың тірегіне айналар ұрпаққа деген көзқарас Елбасымыздың білім саласына ерекше назар аударуымен айқындалып отыр. «Мәңгілік Ел» идеясы аясында біздің ілгері

өркендеп, дамыған 30 елдің қауымдастығына нық қадам басуымызға Қазақстан Республикасы ІІМ Ведомствалық оқу орындарында білім алып жатырған тыңдаушылардың да қосатын үлесі зор.

Білім сапасы көтерілмей, Қазақстан қарқынды дамудың жолына түсе алмайды. Мұны Елбасы өзінің жыл сайынғы жолдауларында да басқа сөйлеген сөздерінде де айтып жүр. Жаңа технология да, инновация да, білікті кадрлер де, ірі өндіріс те білімнің арқасында болады.

Оқыту ісі мен тәрбие жұмысын тіптен де бөліп қарауға болмайды. Ұлы ойшыл бабамыз Әбу Насыр Әл-Фараби бекерден-бекер былай демесе керек: «Тәрбиесіз берген білім-адамзаттың қас жауы» Сондықтан оқу процесінің тәрбие беру компотентін күшейтуге басты назара аударылуы қажет. Бұл орайда патриоттық, адамгершілік пен мораль, ұлтаралық келісім мен төзімділік, денешынықтыру мен рухани даму, заңға мойынұсынушылық-осы құндылықтар ІІО ведомствалық оқу орындарының тыңдаушыларына толық сіңірілуі керек. Елбасы Жолдауында айтылғандай «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз-белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар».

Біз ІІО ведомствалық оқу орындары алдымен алдымызға келген тыңдаушының бойында отаншылдық сезімін қалыптастыра білуіміз керек. Патриотизм, Отан сүйгіштік, патриоттық тәрбие мәселесі-адамзат өркениетінің өн бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат, рухани асыл мұра, азаматтық парыз, ар тазалығы қалпында қарастырылып келген.

Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...» -деген пікірін айтты<sup>2</sup>. Әрине ІІО ведомствалық оқу орындарына алғашқы арнайы дайындық курсына келетін тыңдаушылардың бойына мейілінше алдымен патриоттық тәрбие беру сонымен қатар әскери-қызметтік тәртіп-оны қатаң сақтау болашақ ІІО қызметкерінің басты міндеті екенін ұғындыру және олардың арасында өзара бірін-бірі тұлға ретінде сыйлай білуге баулу- оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамының басты міндеті екенін айта кеткен жөн. ІІО ведомствалық оқу орындарына келген тыңдаушы жаңа ортаға, болашақ қызметіне тез үйреніп кетуі үшін оқу орнының инспектор –психологының және топ кураторларының атқаратын ролі өте зор. Олар алғашқы этапта тыңдаушыларға психологиялық тұрғыдан сауалнамалар және жеке кеңестер жүргізіп, атқарылған жұмыстарының нәтижесі бойынша тыңдаушыларға бағыт-бағдар беріп отырса, олар таңдаған бағыттарының дұрыстығына сеніммен қарап, жаңа ортаға тез үйреніп кететініне сенімім мол.

Ол үшін ғылымда қалыптасқан тәрбие қағидаларын (жеке-дара ерекшелігімен есептесіп, тұлғасын құрметтеу, ұжымда, ұжым арқылы тәрбиелеу, еңбек іс-әрекетінде, жағымды тәрбиеге сүйену, гумандылық бағыттылық, өзектендіру, сөз бен істің бірлігі және т.б.) ескеретініміз сөзсіз.

